

"Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 91 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 5598 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 160 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 16.05.2016 № 160 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.М. Акуловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Өтеулин

Таран ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 91 қаулысымен
бекітілді

"Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы

ереже

1. Жалпы ереже

1. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спортты қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Таран аудандық балалар - жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Советская көшесі, 4.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Таран ауданы әкімдігінің

дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың функциясын жүзеге асырады.

14. Міндеттері:

- 1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;
- 2) дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүзеге асыру;
- 3) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;
- 4) спорттық материалдық-техникалық базаны нығайту және қалпына келтіру, инфрақұрылымды дамыту.

15. Функциялары:

- 1) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асыру;
- 2) аудандық деңгейде спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу;
- 3) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз ету;
- 4) Таран ауданының аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамыту;
- 5) аудан аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- 6) алынып тасталды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 25.03.2016 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 7) мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 8) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардарлық болуын қамтамасыз ету;
- 9) заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 25.03.2016 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Ведомстволардың функциялары:

1) спорттық нәтижелерге қол жеткізуі үшін спортшыны даярлаудың оқу-жаттығу процесін және оның жарыстастық қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасында, облыста, ауылда, өз мектебінде және халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізу және оқушылардың белсенді қатысу;

3) жасөспірімдер және балалар арасында отансүйгіштікті тәрбиелеу және салауатты өмір салтына қызығушылығын оятуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбиелік жұмысын өткізу.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау, сондай-ақ оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарлары болмайды.

21. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;

2) "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі"

мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылданбағаны үшін жеке жауап береді;

3) "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауап береді;

4) бұйрықтар шығарады;

5) қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) заңнамамен белгіленген тәртіпте "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды және босатады, тәртіптік жаза қолданады және ынталандыру шараларын қабылдайды;

7) жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

8) "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының орындалуын бақылайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі басшысының бұйрығымен бекітілген "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің регламентіне сәйкес белгіленеді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Таран ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

27. Таран ауданы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Таран аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Заңды тұлғаның орналасқан мекенжайы: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Советская көшесі, 4.